



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы «13» 06
Қарауылкелді ауылы

№ 129

«13» 06 2025 г
с.Қарауылкелді

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған мектепке дейінгі ұйымдардың тізбесін қалыптастыру туралы

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» №381 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған мектепке дейінгі ұйымдардың тізбесін қалыптастыру жөніндегі комиссиясы құрылсын.
2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын алатын мектепке дейінгі ұйымдардың тізбесін қалыптастыру туралы хабарландыру берілсін және білім бөлімінің интернет ресурстарына орналастырылсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бөлім басшысы



М.Дабыс